

**Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының қазіргі төрағасы - Испанияның Сыртқы істер министрі М.А. Моратиностың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 10 сәуірдегі N 85-ө Өкімі Қазақстан Республикасы мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (бұдан әрі - ЕҚЫҰ) арасындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Испания Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты тереңдету және 2007 жылғы 10 - 11 сәуірде ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы - Испанияның Сыртқы істер министрі М.А. Моратиностың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы: қосымшаға сәйкес ЕҚЫҰ ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын; сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 001»"Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003»"Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бюджеттік бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ЕҚЫҰ-ның ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыты бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасы - Испанияның Сыртқы істер министрі М.А.Моратиностың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

